

**«БЕКІТІЛГЕН»**

**«Қызылорда медициналық жоғары колледжі»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның  
Байқау кеңесінің № \_\_\_\_\_ 2019 ж.  
\_\_\_\_\_ шешімімен**



**Студенттің оқу төлем ақысына жеңілдік беру туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының 149 баптың, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 63 баптың 6 тармағын, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» №39 заңын басшылыққа ала отырып әзірленген және «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның (бұдан әрі – Колледж) білім алушыларға жеңілдіктерді беру тәртібін белгілейді.

1.2. Білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер әлеуметтік қолдауға мұқтаж тұлғаларға көмек көрсету мақсатында жүзеге асырылады.

1.3. Жыл сайын жеңілдіктер Колледждің қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып беріледі.

**2. Жеңілдіктерді беру тәртібі.**

2.1. Жеңілдіктер күндізгі оқу бөлімінің білім алушыларға беріледі.

2.2. Егер білім алушыға академиялық демалыс берілсе, академиялық демалыстан шыққаннан кейін бұрын белгіленген жеңілдік сақталмайды.

2.3. Жеңілдіктер колледж бітірушілерге, яғни колледждің соңғы курста оқып жүрген білім алушыларға берілмейді.

2.4. Жеңілдіктер келесі жағдайда білім алушыларға беріледі, егер:

- білім алушы III топтағы мүгедек немесе білім алушы бала кезінен мүгедек;
- білім алушы жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатына жататын жағдайда.

2.5. Осы ереженің 2.4. тармағында көрсетілген білім алушылар мүгедектігі мерзімсіз берілген жағдайда және білім алушы жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатына жататын білім алушыларға жеңілдік колледжде оқудың барлық мерзіміне беріледі.

2.6. Осы ереженің 2.5. тармағындағы қоспағанда жеңілдіктер бір оқу жылына беріледі.

2.7. Жеңілдіктер беруге негіз болған жағдайда білім алушы немесе білім алушы кәмелетке толмаған жағдайда оның заңды өкілі (бұдан әрі – өтініш беруші) колледж директорының атына өтініш береді.